

Ауыл шаруашылығының жаңа дәуірі

Кеншілер өлкесінің кең байтақ даласында ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Заманауи технологияларды енгізу, суармалы егіншілікті дамыту, өндірісті цифрландыру және агроөнеркәсіп кешенінің барлық буынын жаңғырту – өңірдің экономикалық дамуының маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Осындай ірі бастаманың бірі – америкалық Valley компаниясының заманауи жаңбырлатып суару машиналарын өндіруді Қарағанды облысында жергілікті өндіріс жобасы. Бұл бағытта «Имсталькон» зауыты мен Valley компаниясы арасында тиісті келісімге қол қойылды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жоба Осакаров ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа таныстырылды. Инвестициялық бастама өңірдегі ауыл шаруашылығы өндірісін технологиялық тұрғыдан жаңғыртып қана қоймай, отандық шаруаларға қолжетімді әрі сапалы суару техникасын ұсынуға мүмкіндік береді.

«Евразия Инвест LTD» компаниясының құрылтайшысы Иван Георгиадидің айтуынша, бұл келісім аграрлық саладағы маңызды қадамдардың бірі болмақ.

«Біз «Имсталькон» зауыты және Valley компаниясымен облыстың аумағында жаңбырлатып суару машиналарын өндіруді жергілікті өндіріс туралы келісімге қол қойдық. Бұл отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді заманауи техникамен, қосалқы бөлшектермен және сапалы сервистік қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді Иван Георгиади.

Табиғи тұрғыдан құрғақшылыққа бейім аймақтар үшін су ресурстарын тиімді пайдалану – ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі шартының

бірі. Осы бағытта «Евразия Инвест LTD» компаниясы суармалы егіншілікті дамыту бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Биыл суармалы жерлердің көлемін 10 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға, жердің өнімділігін тиімді пайдалануға және өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

Қазіргі таңда егіс алқаптарына Valley компаниясының заманауи жаңбырлатып суару машиналарын орнатылып жатыр. Технологиялық құрылыс суды үнемді пайдалануға, егістік алқаптарының жағдайын бақылауға және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру барысында қажетті негізгі материалдар Қарағанды облысынан сатып алынады. Ал, құрылыс-монтаж жұмыстарын жергілікті мердігер ұйымдар атқарады. Бұл өз кезегінде өңір кәсіпорында-

ры үшін қосымша мүмкіндік ашып, жергілікті өндірістің дамуына ықпал етеді.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тек еңбек пен тәжірибеге әрі озық технологиялар мен цифрлық шешімдерге сүйенетін салаға айналып келеді.

Жасанды интеллект, спутниктік мониторинг және егістік алқаптарындағы арнайы датчиктердің көмегімен жұмыс істейтін бұл жүйе суару процесін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Платформа топырақ пен өсімдіктердің жағдайын талдауды, әр дақылдың ылғалға деген қажеттілігін есептейді және суару бойынша тиімді ұсынымдар қалыптастырады. Мұндай технологиялар ауыл шаруашылығы өндірісінде ресурстарды үнемдеп қана қоймай, әр гектар жерден алынатын өнім көлемін арттыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тек өнім өндірумен шектелмейді. Өнімді сақтау, өңдеу және уақытылы өткізу мәселесі де аса маңызды. Осыған байланысты өңірде

астық қабылдау және сақтау шаруашылығын дамытуға бағытталған жобалар қолға алынуда.

Родниковское ауылындағы жұмыс істеп тұрған элеватордың сақтау қуатын 50 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарланған. Сонымен қатар, Молодёжный кентінде дәл осындай қуаттағы жаңа элеватор салынамақ.

Жаңа нысандар дәнді және майлы дақылдарды уақытылы қабылдауға, кептіруге, тазартуға және сақтауға мүмкіндік береді.

Компания ауыл шаруашылығының басқа бағыттарына да ерекше назар аударып отыр. Атап айтқанда, картоп егісінің көлемін 900 гектарға дейін ұлғайту жоспарланған.

Одан бөлек, Родниковское ауылы мен Молодёжный кентінде заманауи көкөніс сақтау қоймаларының құрылысы жалғасуда. Биыл мұнда жалпы сыйымдылығы 46 мың тоннаны құрайтын алты кешен салу көзделген.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі заманауи тауарлы-сүт фермасының құрылыс



барысымен де танысты. Иван Георгиадидің айтуынша, құрылыстың бірінші кезеңі толық аяқталған. Қазіргі уақытта нысан алғашқы мал басын қабылдауға дайындалуда.

Фермада агроөнеркәсіптік кешенді басқарудың бірыңғай цифрлық орталығы құрылады. Бұл жүйе өндірістік процестердің барлық кезеңін – егіс жұмыстарынан бастап суару, мал шаруашылығы және сүт өндіру үдерістеріне дейін біріктіреді.

Цифрлық деректер негізінде жұмыс істейтін басқару жүйесі кәсіпорын қызметін жедел бақылауға, өндірістік шешімдерді тиімді қабылдауға және жалпы жұмыстың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев агроөнеркәсіп саласындағы мұндай жобалардың өңір үшін маңызы зор екенін атап өтті.

«Мұндай жобалар ауданға жаңа жұмыс орындарын ашуға, азықтүлік қауіпсіздігін нығайтуға және агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамытуға берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы, инвестор бір ғана бағытпен шектелмей, ауыл шаруашылығын кешенді түрде дамытып отыр», – деді облыс әкімі.

Шын мәнінде, облыстағы бұл бастамалар – ауыл шаруашылығын жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған кешенді қадам. Заманауи техника, цифрлық басқару жүйелері, суармалы егіншілік, сақтау инфрақұрылымы және жаңа өндіріс орындары өңірдің аграрлық әлеуетін арттырып, ауылдың дамуына тың серпін бермек.

Суреттер Valley компаниясының және облыс әкімдігінің сайттарынан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Күй кернеп, рух тербеген...

Қарағандыда Ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра – ұлт қазынасы» мерекелік акциясы өтті. Сәкен Сейфуллин атындағы Академиялық қазақ драма театрының алдындағы алаңға жүздеген домбырашы жиналып, бір мезетте Құрманғазының әйгілі «Адай» күйін орындады. Мерекелік кеште Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор, белгілі домбырашы, күйші әрі композитор Тұрар Әліпбаев Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрімен бірге сахнаға шығып, көрерменге ұлттық өнердің терең болмысын танытқан әсерлі орындау тарту етті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған акцияға кәсіби музыканттармен қатар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер, өнер мектептерінің тәрбиеленушілері және ұлттық өнерге жанашыр әуесқой домбырашылар қатысты. Мерекелік шара бір алаңға жас пен жасамысты, кәсіби өнерпаз бен көрерменді тоғыстырып, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың тағылымды үлгісін көрсетті.

Бүгінде жастардың домбыраға деген қызығушылығы артып келеді. Мемлекет балалардың ұлттық аспапты тегін меңгеруіне барлық қажетті жағдайды жасап отыр. Оның нақты нәтижесі де айқын байқалады. Қазір қала көшелерінде қолына домбыра ұстаған түрлі этнос өкілдерінің балаларын жиі кездестіреміз. Олар ұлттық аспаптың кыр-сырын алдымен балабақшада, кейін мектеп қабырғасында меңгеріп келеді. Соның арқасында домбыра олардың танымды ұлттық мәдениет пен гасырлардан жалғасқан салт-дәстүрдің ажырамас бөлігіне айналуға, Халқымыздың баға жетпес рухани мұрасы осылайша жас ұрпақтың бойына сіңіп, ұлттың асыл аманаты ретінде күйеу буынға жалғаса береді, – деді Тұрар Әліпбаев.

Мерекелік бағдарлама шымалдығы Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің орындауындағы Құрманғазының «Балбырауын» күйімен түрілді. Даланың дарқан мінезін, халқымыздың асақ рухын айшықтайтын күй кештің сәнін келтіріп, мерекенің мазмұнын тереңдеті түсті. Одан кейін сахна төріне шыққан акцияға қатысушылар көрерменге ұлттық өнердің жауһарларын ұсынып, домбыраның күдіретін тағы бір мәрте паш етті. Кештің шарықтау шегі Құрманғазының әйгілі «Адай» күйінің жаппай орындауына ұласты. Сол сәтте театр алдындағы алаң алып сахнаға айналып, жүздеген домбырандан төгілген қоныр күй бір арнада тоғысты. Сан домбыраның сазы біртұтас оркестрдің үніндей асқақтап, көрерменнің жүрегіне ұлттық рухтың қуатын сезіндірді. Сол өнерпаздардың қатарында №2 Оқушылар сарайындағы «Домбыра» үйірмесінің 13 жастағы қатысушысы Злата Тарадина да бар. Жас домбырашы бес жылдан астам уақыттан бері ұлттық аспаптың кыр-сырын меңгеріп, күй өнерінің тереңіне бойлап келеді.

• БҮГІН – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«Судың да сұрауы бар»

Су – стратегиялық ресурс, ал, оны ұтымды пайдалану мен қорғау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Климаттың өзгеруі, су тапшылығының анағұрлым артуы және экологиялық қауіпсіздік мәселелері жағдайында су қорларын тиімді басқарудың маңызы бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі маңызды міндеттерді атқарып келеді.



Федоров су қоймасы

Инспекция Қарағанды, Ақмола және Ұлытау облыстарының аумағында су қорын пайдалану мен қорғау саласында бақылау, қадағалау және іске асыру ісін жүзеге асырады. Мекеменің негізгі міндеті – су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету, су заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ, су қатынастары субъектілерінің қызметін үйлестіру. Инспекторлар тарапынан гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мен су қорғау аймақтары және су қорғау белдеулеріндегі шаруашылық қызмет режимінің сақталуына ерекше назар аударылады. Су заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында Инспекция халық пен су пайдаланушылар арасында профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді, жергілікті атқарушы органдармен, мем-

лекеттік мекемелермен және қоғамдық ұйымдармен өзара жұмыс жасайды. Су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану мәселелерін талқылау үшін бассейндік кеңестердің отырыстары, жұмыс кездесулері тұрақты түрде өткізіледі.

Заңнама талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда Инспекция заңнамада белгіленген тәртіппен ден қою шараларын қабылдауға, материалдарды құқық қорғау органдарына және сотқа жолдауға, әрі су заңнамасының бұзылуы салдарынан мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға құқылы. Аталған қызметтің негізгі мақсаты – су ресурстарын ұтымды пайдалану, су тұтыну көлемін қысқарту, су үнемдеу технологияларын енгізу және қоршаған ортаға түсетін антропогендік жүктемені азайту.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

Орталық сайлау комиссиясының ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді.

Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз.

Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруыңыздың кепілі – Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз.

Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарыла отырып, енгізіледі.

Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады.

Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскеніңізді және тізімге енгізілгеніңізді тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

Сізге ынғайлы болу үшін, жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елдімекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскеніңізді Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Конституциялық Сот: бірқатар лауазымды тұлғаларды тағайындау немесе сайлау кезінде жаңа Ата Заңның нормалары қолданылады

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ нормативтік қаулысы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулысына анықтамалық ақпарат (2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ)

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабы 1-тармағының, 72-бабы 2 және 3-тармақтарының, 83-бабы 1-тармағының және 84-бабы 3-тармағының ережелерін:

«лауазымын 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес атқарып келе жатқан адамдар 2026 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабы 1-тармағында, 72-бабы 2 және 3-тармақтарында, 83-бабы 1-тармағында, 84-бабы 3-тармағында көрсетілген қызметке сайлана ала ма не лауазымға тағайындала ала ма?» деген сұраққа жауап беріп, ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық Сот аталған конституциялық нормалардың мазмұнынан оларда белгіленген шектеулер адамның тиісті қызметке алдыңғы сайлау не лауазымға алдыңғы тағайындалу фактісімен қолданыстағы Конституцияда және соған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіпте ғана байланысты болатыны шығады деп атап өтті.

Конституцияның 43-бабының 1-тармағында, 72-бабының 2 және 3-тармақтарында, 83-бабының 1-тармағында және 84-бабының

3-тармағында белгіленген шектеулер қолданылған жағдайда 1995 жылғы Негізгі Заң қолданыста болған кезеңде тиісті лауазымдарда болу мерзімдерін, сондай-ақ, қызметке сайлау не лауазымға тағайындау фактілерін есепке алуды көздейтін ережелерді Конституция қамтымайды.

Демек, адамның аталған лауазымдардың бірін 1995 жылғы Конституция қолданыста болған кезеңде атқару фактісі Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгеннен кейін оны тиісті қызметке сайлауға не лауазымға тағайындауға Негізгі Заңда көзделген конституциялық-құқықтық кедергі болып табылмайды.

Президенттің өтінішін қарау қорытындысы бойынша Конституциялық Сот ресми түсіндіру берді: 2026 жылғы Конституцияның 43-бабының 1-тармағын, 72-бабының 2 және 3-тармақтарын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының



ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

рын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының 3-тармағын осы конституциялық нормаларда аталған лауазымдарды 1995 жылғы Конституцияға сәйкес атқарып жүрген адамдар 2026 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті қызметке сайлануы не лауазымға тағайындалуы мүмкін деп түсіну керек.

Аталған конституциялық нормаларда белгіленген шектеулерді қолдану мақсаты тұрғысынан мұндай адамдардың 2026 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті қызметке сайлануы не лауазымға тағайындалуы алғаш рет сайлану не тағайындалу деп есептеледі.

Конституциялық Соттың
баспасөз қызметі

• ТАҒАЙЫНДАУ

Ауданда жаңа басшы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен, аудандық мәслихат депутаттарының қолдауымен Саят Мусин Қарқаралы ауданының әкімі болып тағайындалды. Жаңа әкімді аудан активіне аймақ басшысы әкімі Ермағанбет Бөлекпаев таныстырды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalıq Qazaqstan»

Облыс әкімі Саят Мусиннің кәсіби біліктілігі мен басқару саласындағы мол тәжірибесін атап өтіп, оның аудан басшылығына лайықты кандидат екенін айтты. Жаңа әкімнің алдына ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды міндет қойды.

– Бүгінде ауданда ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қарқаралының туристік әлеуетін арттырудың маңызы зор. Сондықтан, басталған жобалардың сабақтастығын сақтап, олардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету қажет. Сізге жемісті еңбек, ел сеніміне ие болып, тұрғындардың құрметі мен қолдауына бөленуіңізді тілеймін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа әкімнің еңбек жолы ветеринария саласынан басталған. Саят Мусин Орталық ветеринариялық зертханада дәрігер-радиолог қызметін атқарып, кейін облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасарына дейінгі қызметтік жолдан өтті.

2015 жылдан бері мемлекеттік қызмет саласында еңбек етуде. Абай ауданы әкімінің орынбасары, Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2025 жылдың сәуір айынан осы тағайындауға дейін Саят Мусин Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жұмыстарға, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және өзге де маңызды салалардағы мәселелерді шешуге атсалысты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде өйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жанару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау

учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн калғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариат

та куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елдімекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқаны келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттардың назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы тағайындау туралы» Жарлығына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес «Сауағарға Ақпарат» ЖШС Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт жүргізу шеңберінде өздерінің сайлауалды материалдарын газетте жариялай алатынын хабарлайды.

«Ortalıq Qazaqstan» облыстық газетінде 1 шаршы сантиметр газет алаңының құны ҚҚС-пен бірге 370 теңге.

Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттарға газет бетінен орын беру үшін бұқаралық ақпарат құралы басшысының атына жазбаша өтініш беру негіз болып табылады.

Сайлауалды материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған кезде оларда қаржыландыру көзі туралы ақпараттың міндетті түрде көрсетілуі қажет екенін еске саламыз.

«Судың да сұрауы бар»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің заңсыз су пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау және «судың қара нарығының» жолын кесу жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылдың 14-15 мамыр күндері Инспекцияның Ұлытау облысы бойынша су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану бөлімі «Қазсушар» РМҚ «Ұлытау» филиалының, Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің және Ұлытау облысы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп мемлекеттік бақылау (рейдтік) іс-шараларын өткізді. 2026 жылдың басынан 19 маусымға дейін мемлекеттік органдарда, шаруашылық жүргізуші субъектілерде және жеке кәсіпкерлік субъектілерінде су қорын пайдалану және қорғау, сондай-ақ, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қатысты 19 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Нәтижесінде шаруашылық жүргізуші субъектілер тарапынан заңсыз су пайдаланудың 6 фактісі анықталды.

Инспекция жастардың экологиялық тәрбиесіне де ерекше көңіл бөледі. Ұлытау облысында Жезқазған политехникалық колледжінің студенттерімен «Су ресурстарын ұтымды пайдалану және Инспекция қызметі» тақырыбында кездесу өткізіледі. Сонымен қатар, Қазтұты-



Жартас су қоймасы

нуодағы Қарағанды университетінің студенттерімен ақпараттық-түсіндіру кездесуі ұйымдастырылып, қатысушылар Инспекцияның қызметі, негізгі міндеттері, өкілеттіктері және су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен таныстырады. Ақпараттық-түсіндіру амалдары халық пен су пайдаланушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, су ресурстарын пайдалануға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік қорғаныс қызметтерін ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Облыста су ресурстарын сақтау, су нысандарын қорғау және оңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта облыс бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы су қорғау аймақтары, су қорғау белдеулері және жағалаудағы қорғаныш белдеулері туралы кеңістіктік

деректерді Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесінде тіркеу жұмыстарын аяқтады. Бұл оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерде одан әрі есепке алуға және көрсетуге, сондай-ақ, су заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2025-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында жергілікті атқарушы органдар су объектілерін қалпына келтіруге және олардың экологиялық жай-күйін жақсартуға бағытталған жобаларды іске асыруда. Қорытындылай келе, Нұра-Сарысу бассейндік су инспекциясының қызметі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды, су заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді, құқық бұзушылықтардың алдын алуды, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды және табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруды қамтиды. Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану – қазіргі заманның маңызды міндеттерінің бірінен. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар өңірлердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, табиғи байлықтарды сақтап, оларды келер ұрпаққа аман жеткізуге негіз болады.

Ергали ҮМБЕТБАЕВ,
Нұра-Сарысу бассейндік
су инспекциясының басшысы
Суреттер Нұра-Сарысу бассейндік
су инспекциясынан

Қарағанды қаласы әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы №12/01 шешімімен құрылған

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан бойынша сайлау учаскелері

№1 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№1 Гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Костенко көшесі, 13.
Шекаралары:
Алалыкин көшесі – 1, 2, 3, 3а, 4, 6;
Ерубаев көшесі – 10, 12;
Жамбыл көшесі – 1, 3, 5, 7, 19, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 39а, 41, 43;
Костенко көшесі – 1, 3, 4, 11, 12, 14;
Абай көшесі – 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 9, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34;
Панфилов көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8/1,8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24;
Тишбек Аханов көшесі – 39.

№2 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы «Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 22.
Шекаралары:
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 14, 18, 20, 24, 26, 30, 32, 34, 36;
Алалыкин көшесі – 11;
Гоголь көшесі – 17, 19, 21, 23;
Ерубаев көшесі – 24;
Абай көшесі – 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43;
Тишбек Аханов көшесі – 49, 51, 51/2, 53, 54, 55, 58;
Чижевский көшесі – 4, 5, 6, 8, 9А, 10, 10а, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29.

№3 сайлау учаскесі

Орталығы: «№2 балалар музыка мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жамбыл көшесі, 17.
Шекаралары:
Алмазний түйік көшесі– 1, 2, 3, 4, 8, 9, 6, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20;
Волжский түйік көшесі – 1а, 2, 4, 6, 8, 10, 20, 22;
Литовский түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14;
Мраморный түйік көшесі – 1, 5, 7, 9, 15, 11, 17, 18, 19;
Балкантау көшесі – 1, 2, 3, 4, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23/2, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 39, 41, 43, 45, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 71;
Волгодонская көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;
Гоголь көшесі – 1, 1/1, 1/2, 1/3, 1/4, 1/5, 1/6, 1/7, 1/8, 1/9, 1/10, 1/11, 1/12, 3а;
Громовая көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 13, 14, 15;
Доскей көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 5/2, 7;
Ерубаев көшесі – 1а, 2, 3, 4, 6, 6а, 7;
Жангозин көшесі – 5/2, 6;
Жамбыл көшесі – 6, 8, 10, 12, 18, 20, 20/3, 20а, 24, 26, 30, 32, 36, 38, 38а, 38б, 40, 40/2, 40а, 42а, 45, 46, 46а, 48а, 49, 50, 52, 53;
Кузнецов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 18/3;
Абай көшесі – 36, 38, 40, 42, 44;
Нестеров көшесі – 1, 2, 2а, 3, 4, 4/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12;
Панфилов көшесі – 25, 25/2, 26, 26/1, 26/2, 26/3, 27, 28, 29, 29/1, 30, 31, 32, 33, 34;
Сарсеков көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/1, 13/2, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31/3, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57;
Сәтбаев көшесі – 2, 3, 3/3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 18, 21/3, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31/3, 32, 33, 34, 35, 36, 36/2, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 42/1, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 54, 56, 58;
Тишбек Аханов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 14, 15, 15а, 16, 18, 20, 22, 33, 33/1, 38;
Тюленин көшесі – 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 13, 15, 19, 23, 25, 27, 29, 31, 35;
Телевизионная көшесі – 1, 2, 2а, 3, 4, 4а, 5, 6, 7, 9, 34, 36, 48, 50, 50а;
Хрустальная көшесі – 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19;
Кронштадская көшесі – 10, 16;
Физкультурная көшесі – 5.

№4 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№2 Лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Абай көшесі, 60.
Шекаралары:
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 38, 40, 41/1, 42, 44, 46, 48, 52, 54;
Цветочный түйік көшесі – 2, 3, 4, 6, 8, 9, 10, 10/2, 11, 13;
Аюпов көшесі – 3, 4, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 21, 23, 24, 24/1, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 37/1, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45;
Гоголь көшесі – 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 26, 28, 30;
Жамбыл көшесі – 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 75/2, 76, 77, 78, 79, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 89, 91, 93, 95, 95/2;
Абай көшесі – 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 61/2, 61/3, 62, 63, 64;
Поспелов көшесі – 3, 5, 7, 19, 25;
Сәтбаев көшесі – 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91;
Шәкіров көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 31, 32, 34, 36, 38;
Чижевский көшесі – 32, 34, 36, 37, 38, 40;
Цикличный түйік көшесі – 5, 8/2, 9, 10, 12, 35.

Абай көшесі – 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 61/2, 61/3, 62, 63, 64;
Поспелов көшесі – 3, 5, 7, 19, 25;
Сәтбаев көшесі – 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91;
Шәкіров көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 31, 32, 34, 36, 38;
Чижевский көшесі – 32, 34, 36, 37, 38, 40;
Цикличный түйік көшесі – 5, 8/2, 9, 10, 12, 35.

№5 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мұстафин көшесі, 28.
Шекаралары:
Бийский түйік көшесі – 11а, 13а, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22;
Модельный түйік көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23;
Утренний түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 18, 23, 27, 35, 45;
Утренний өтпе жолы – 1, 3, 3а, 5, 7, 9, 11, 11а, 12, 13а, 13/1, 13/4, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20/1, 21, 23/1, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 32, 33, 38, 40а, 41, 43, 44, 45;
20-шы партсъезд көшесі – 1, 2, 4, 5, 6, 7, 12, 12/1, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 22, 23, 24;
Айвазовский көшесі - 1, 1а, 2, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 34, 36;
Балкантау көшесі – 56, 56/1, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 73, 74, 75, 76, 77, 80, 82, 83, 84, 85, 87, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 154, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169, 172, 173, 175, 177, 181, 183, 185, 187, 189, 190, 191, 193, 195, 197/1;
Аркалык көшесі – 5, 9, 11, 13, 17, 19;
Вишневский көшесі – 1, 1а, 2а, 3, 4, 6, 8, 9, 10;
Волгодонская көшесі – 14, 15, 16, 16/1, 16/2, 17, 17/2, 17/3, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 46/2, 47, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56, 59, 60, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86;
Гоголь көшесі – 2/3, 2/4, 2/5, 2/7, 2/8, 2/9, 2/10, 2/11;
Дегтярев көшесі – 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16;
Ермолов көшесі – 2, 4, 6, 8, 10, 12, 16;
Жамбыл көшесі – 86, 88, 92, 94, 96, 98, 98А, 99, 100, 101, 101а, 102, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 109а, 110, 111, 112, 113, 113/2, 114, 115, 115а;
Космодемьянская көшесі – 1, 1а, 3, 5, 7, 7;
Кронштадская көшесі – 53;
Кузнецов көшесі – 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 28, 31, 32, 34, 36;
Куприн көшесі – 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;
Абай көшесі – 66, 68, 68а, 70, 72, 74, 74а, 76, 76а;
Перов көшесі – 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16;
Писарев көшесі – 40, 42, 44, 46, 46а;
Поспелов көшесі – 20;
Сәтбаев көшесі – 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 114, 115, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 168, 170, 172, 174, 176, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 202-1, 206;
Сеченов көшесі – 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20;
Столетов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;
Федченко көшесі – 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11;
Художественная көшесі – 3, 7, 9, 11, 13, 15;

№6 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мұстафин көшесі, 28.
Шекаралары:
Мұстафин көшесі – 12, 14, 16, 16/2, 18, 18/2, 20, 22, 26, 30, 32, 32а;
Жамбыл көшесі – 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 123а, 124, 125, 125а, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 135/2, 136, 142, 143, 144, 145, 146, 150/1, 151, 152/2, 153, 155, 156, 157;
Гастелло көшесі – 4, 6, 8, 10, 14, 14а, 16, 16/3, 16/4, 20, 20а, 22;
Пригородная көшесі – 4, 6, 8, 10, 12, 18, 20, 22, 22а, 22б, 24, 24а, 26, 26а, 26б, 28, 30, 30/1, 32, 34, 36, 38;
Разин көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23/3, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 31, 33, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49;
Хмельницкий көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 26;
Космодемьянская көшесі – 2, 4, 6, 8, 9,

11, 13, 15, 16, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 30, 32, 34, 36, 38, 39, 39а, 39в, 40, 42, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 55, 57;
Терешкова көшесі – 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13а, 14, 15а, 17, 18, 21, 25, 27, 32;
Писарев көшесі – 48, 52, 54, 55, 56, 57, 58, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 67, 67а, 68, 69, 69а, 69б, 69в, 77;
Утренний түйік көшесі – 36, 40;
Гастелло көшесі – тұрғын алабы 23.

№7 сайлау учаскесі

Орталығы: «Абылқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Терешкова көшесі, 40.
Шекаралары:
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 62, 74, 76, 78, 80;
Терешкова көшесі – 34, 35, 37, 38, 39, 41;
Мұстафин көшесі – 1, 1/2, 2, 2/1, 3, 5, 5/1, 6, 6/2, 6/3, 7, 8, 11, 13;
Гастелло көшесі – 28, 32, 34.

№8 сайлау учаскесі

Орталығы: «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерінің 6505 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Сәтбаев көшесі, 93.
Шекаралары:
Сәтбаев көшесі – 93.

№9 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гоголь көшесі, 46а.
Шекаралары:
Гоголь көшесі – 50/1, 50/2, 52, 52/1, 52/2, 54, 56/1, 56/2, 56/3, 56/4, 58, 58/2, 62, 64, 66, 68, 68/2;
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 55, 57, 59, 61, 63, 65, 65/2;

№10 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ Нұркен Әбдіров даңғылы, 37/1.
Шекаралары:
Бакинская көшесі – 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 170, 172, 174, 176, 178, 180, 182, 184, 186, 188;
Новоселов көшесі – 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 115а, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 135, 137, 139, 141, 143, 145;
Пичугин көшесі – 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 123, 124, 125, 127, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 162, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 185, 185А, 186, 186/2;
Нұркен Әбдіров даңғылы – 33, 35, 35а, 37/2, 39, 41, 43/2, 44/1, 44/2, 45, 46/1, 46/2, 46/3, 48/1, 48/2, 48/3, 48/4, 48/6, 50/1, 50/2;
Алданская көшесі – 1, 2;

№11 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Қаныш Сәтпаев атындағы Гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Нұркен Әбдіров даңғылы, 30а.
Шекаралары:
Гоголь көшесі – 51/3, 53, 55, 57, 57/2;
Нұркен Әбдіров даңғылы – 30/3, 32, 34/1, 34/2, 34/3, 34/4, 36/1, 36/2, 36/4, 38.

№12 сайлау учаскесі

Орталығы: «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Гоголь көшесі, 40.
Шекаралары:
Гоголь көшесі – 47, 49, 51, 51/1, 51/2, 53/1;
Әлиханов көшесі – 30/2, 32, 34, 34/1, 34/2, 34/3, 34/4, 36, 36/2, 36/3, 36/4, 36, 38/1, 38/2, 38/3, 40.

№13 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Академик Е.А. Бөкетов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гоголь көшесі, 38/2.
Шекаралары:
Әлиханов көшесі – 35, 37, 37/2, 37/3, 37/4, 39, 39/2, 39/3, 46;
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 41, 43, 45, 47, 49, 49а, 51, 51/1, 53, 53/1, 53/2, 53/3, 53/4, 55/1;
Гоголь көшесі – 34/5, 36, 36а, 36/2, 36/3, 46, 46/1, 46/2, 46/3, 48.

№14 сайлау учаскесі

Орталығы: «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Мұстафин көшесі, 15.
Шекаралары:

№15 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім

бөлімінің «№3 Гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 25.
Шекаралары:
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 19, 19а, 21, 21/2, 23, 23а, 27, 27а, 29, 31;
Лобода көшесі – 34, 36, 38/1, 38/2, 42, 46, 48, 50;
Гоголь көшесі – 27, 33, 33/2, 35, 37, 37/1, 37/2.

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

118, 119, 121, 122, 123, 124, 126, 128, 130, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156;

Штурманская көшесі - 1/3, 1/5, 1/13;
Алтын Арка ықшам ауданы - 1, 6, 8, 9, 10, 11.

№28 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№79 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Құрманғазы көшесі, 1.

Шекаралары:
Гоголь көшесі - 98, 100, 102, 108, 110, 112, 122, 124, 126, 134, 140;

Гудермеская көшесі - 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12а, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 19а, 19/1, 20, 21/2, 22а, 23, 23б, 24, 25, 25/1, 25а, 26, 27, 27/1, 28, 29, 30, 31, 32, 35, 35/9, 36, 37, 38/2, 39, 40, 42, 43, 46, 47, 48, 51, 51/2, 52, 53, 54, 55, 59, 60, 60а, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 68, 69, 70, 72, 73, 74, 76, 77, 78, 78а, 79, 81, 81а, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 117, 119, 123;

Құрманғазы көшесі - 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10б, 10в, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 44, 46;

Космонавттар көшесі - 123, 126, 129, 130, 135, 142, 143, 144, 145, 149, 151, 151а, 154, 155, 155а, 156, 158, 159, 161, 161а, 162, 162а, 163, 163а, 164, 165, 167, 169, 170, 171, 172, 174, 175, 175/1, 175/2, 176/1, 177, 178, 179, 180, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 196, 197, 198, 205, 206, 208, 209, 210, 212, 213, 215, 217, 219, 222, 223, 224, 226, 227, 229, 232, 233, 234, 239, 239/3, 240, 241, 242;

Пищевая көшесі - 2, 4, 4а, 6, 7, 7а, 8, 9а, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 54, 55, 56, 58, 59, 60, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 77, 79;

Рейдовая көшесі - 1, 2а, 6, 8, 8а, 9, 10, 13, 15, 16, 17, 18, 18а, 19, 21, 22, 23, 23а, 23б, 24, 24а, 25, 26, 26а, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 37, 38, 39, 40, 41а, 42, 43, 43/1, 43а, 44а, 45, 47, 48, 49, 50, 50а, 51, 55, 59, 59а;

Памирская көшесі - 2а, 3, 5, 9, 10а, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 18а, 19, 20а, 21, 22, 23, 24, 25а, 26а, 27, 28, 28а, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 42, 43, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53а, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 73, 74, 75, 76, 77, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 88, 89, 89а, 90, 92, 94, 95, 95а, 96, 97а, 99а, 101, 102, 103;

Резник көшесі - 7, 8, 9, 9а, 11, 15, 19, 19а, 21, 25, 25а, 27, 27б, 27в, 29, 29б, 31б, 33а, 33б, 35, 37;

Коперник тұйық көшесі - 1, 3, 4, 4а, 5, 6, 7, 10, 12а, 13, 14, 15, 16, 19;

Конторский тұйық көшесі - 3, 4, 5, 6, 9, 11, 12, 15/1, 15/2, 16, 17, 19, 21, 21а, 23, 23а, 24, 26, 30, 33, 35, 37, 45, 45а;

Батумский тұйық көшесі - 9, 10, 11, 12, 14, 17, 19, 20, 22, 25, 27, 28, 29, 29/1, 31, 34, 35, 37, 38, 38/1, 39;

Алтын арка ықшам ауданы - 12, 17, 18, 18а, 19, 20, 21.

№29 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Колодезная көшесі, 9.

Шекаралары:
Гоголь көшесі - 87, 93, 97, 99, 101, 103, 113, 121, 123;

Керамическая көшесі - 85, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 102, 104, 105, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 115, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 128, 130, 132, 134, 138, 140, 142, 144, 144/1, 146, 148, 150, 152;

Вавилов көшесі - 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 19, 22, 24, 25, 30, 31, 37, 38, 40, 43, 44, 45, 46, 48, 51, 54, 56, 62, 64, 78;

Космонавттар көшесі - 2а, 3, 6а, 7, 8, 8а, 10, 12, 14, 16, 20, 20а, 30, 32, 34, 36, 37, 40, 42, 43, 52а, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 80, 81, 85, 86, 88, 89, 92, 93, 95, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 108, 112, 118, 119/2;

Джалил көшесі - 2а, 4а, 4б, 5а, 14/1, 20/1, 23/1, 43/1, 63, 67, 69, 71, 73, 75;

Высокопильная көшесі - 1, 1а, 2, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12а, 13, 15, 15а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31а, 31, 32, 33, 34/1, 35, 37, 38, 39, 41, 41а, 42, 43, 45, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 57а, 59, 59а, 60, 61, 63, 63а, 64, 64а, 65, 66, 67, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90а, 91, 92, 93, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 108а, 110, 110а, 112, 112а, 116, 118, 118а, 120, 122;

Нерничская көшесі - 1, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17а, 17/2, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 63, 65, 66, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 97, 101, 103/105, 107, 109;

